

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры

\_\_\_\_\_ Д. Қожамжарова

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2020ж.

**М.ӘУЕЗОВ атындағы  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ туралы  
ЕРЕЖЕ**

Шымкент 2020

## **1. Жалпы ережелер**

1. Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және М.Әуезов атындағы ОҚМУ әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде қызметшілерге, оқытушыларға және білім алушыларға консультация беретін лауазымды тұлға.

2. Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, Әдеп кодексін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

3. Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары басшылық қызмет атқаратын, сондай-ақ ұжымда қадірлі және құрметке ие болған тұлғаға жүктеледі. Әдеп жөніндегі уәкіл университет ректорының бұйрығына сәйкес тағайындалады.

4. Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін атқаратын адам білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің әдеп жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылық жасауды үйлестіреді, білім беру ұйымының қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға құқығы бар басшысына бағынады.

## **2. Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары**

1. Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қызметкерлерге, білім алушыларға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

2) қызметкерлердің және білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта және заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді;

3) білім беру ұйымы басшылығының тапсырмасы бойынша қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

4) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

5) қызметкерлердің және білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

6) білім беру ұйымында қызметкерлер мен білім алушылардың әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады;

7) білім беру ұйымы қызметкерлері мен білім алушылары Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Әдеп кодексін бұзған жағдайларда, құқық бұзушылықтарды

жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды және білім беру ұйымы басшылығына оларды жою туралы ұсынымдар енгізеді;

8) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзу профилактикасы және оған жол бермеу мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

9) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді;

10) белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға немесе Әдеп жөніндегі кеңеске әдеп нормаларын бұзуға жол берген қызметкердің немесе білім алушының жауапкершілігін қарау туралы ұсыныммен жүгінеді;

11) әдеп нормаларын бұзудың профилактикасы мақсатында өзге де қызметті ұйымдастырады.

### **3. Әдеп жөніндегі уәкіл өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде құқылы:**

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Әдеп кодексін бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға және алуға;

2) білім беру ұйымының басшысына ұйымның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан адамдарды көтермелеу туралы ұсыным енгізуге;

3) қажет болған жағдайда өзінің құзыретіне қатысты мәселелерді қарау кезінде кадр қызметінен қызметкердің жеке істерін, өзге де материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға құқылы.

4) әдеп нормаларының сақталуына және ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне талдау жасау үшін университет қауымдастығы мүшелерімен кездесуге, сұхбаттасуға, пікір алмасуға.

### **4. Әдеп жөніндегі уәкіл өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде міндетті:**

1) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, Әдеп кодексін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алуға;

2) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға;

3) Университеттің құрылымдық бөлімдерінің әдеп жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылық жасауға;

4) меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге;

5) университет қоғамдастығы мүшелерінің қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

6) еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға;

7) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбауға;

8) құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрlemeуге;

9) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

10) әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында анонимді сауалнама жүргізуге.

## **5. Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру**

1. Білім беру ұйымы басшыларының бейтараптығы негізді күмән тудыратын, лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғатын мән-жайлар (мүдделер қақтығысы) болған кезде әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады.

2. Әдеп жөніндегі уәкіл өзінің функцияларына жататын мәселелер бойынша қызметкерлерді және білім алушыларды олардың өтініші бойынша немесе баршаға көрінетіндей жерде орналастырылған кестеге сәйкес айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады.

3. Қажет болған жағдайда қызметкерлермен әңгімелесу телефон арқылы не тиісті ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникациялар құралдарын пайдаланумен жүргізілуі мүмкін.

4. Әдеп жөніндегі уәкіл туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты-жөні, фотосуреті, кабинет және телефон нөмірлері белгіленген тәртіппен білім беру ұйымының интернет-ресурсында және ғимаратында баршаға көрінетіндей жерде орналастырылады.

5. Әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл кемінде жарты жылда бір рет анонимді сауалнама жүргізеді.

## **6. Әдеп жөніндегі уәкілдің жауапкершілігі**

Әдеп жөніндегі уәкілдің өз қызметін жүзеге асыру кезінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы заңы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі, осы Ереже, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілері талаптарын бұзуы заңға сәйкес жауапкершілік жүктейді.